

 <small>OPEN UNIVERSITY OF KYZYLDZHA</small>	<p>Казақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі</p> <p>«Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі</p> <p>Құрылымдық бөлімше туралы ереже</p> <p>Кітапхана</p>	<p>Басылым 2/2023жыл</p> <p>11 бет</p>
--	--	--

БЕКІТЕМІН

«Қызылорда ашық университеті»
білім беру мекемесінің ректоры



Бисенов, К.А.Бисенов
«05» қыркүйек 2023 ж.

Кітапхана туралы ЕРЕЖЕ

Қызылорда қаласы, 2023 жыл


«Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі ректорының
2023 жылғы 5 қыркүйектегі № 55-а бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН**

ҚҰЖАТТЫҢ ПАСПОРТЫ


БАСЫЛЫМ: БІРІНШІ	
Құжаттың типі	Ұйымдастырушылық құжаттама
Құжаттың атауы	«Кітапхана» туралы Ереже
Құжаттың мақсаты	Кітапхана жұмысының сипаттамасы және регламентация: жалпы ережелер, құрылым және кадрлық құрам, негізгі міндеттер, функциялар, өкілеттіктер, басқа бөлімшелермен өзара іс-кимылдар, бақылау, есептілік және жауапкершілік.
Әзірлеу	Аппарат жетекшісі
Келісу	Бірінші проректор Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Академиялық мәселелр жөніндегі басқарманың басшысы Фылыми зерттеулерді ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі
Құжатты орындаушылар	Кітапхана менгерушісі және қызметкерлері
Бекіту	Ректор
Орындалуына бақылау жасау	Бірінші проректор Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құжаттың қосымшалары	Қосымша 1,2
Нормативтік сілтемелер	ҚР Енбек кодексі, 27.07.2007ж. «Білім туралы» заны
Тұпнұсқаның иесі	Бірінші данасы – кадрлар бөлімі, екінші данасы - кітапхана

КЕЛІСУ ПАРАГЫ

Келісілді:

Бірінші проректор : 
А.Т.Жунисов 05.09.2023
күні
колы


Академиялық мәселелер
жөніндегі проректоры 
А.Б.Әлібекова 05.09.2023
күні
колы

Академиялық мәселелер бойынша
басқарма бастығы 
А.М. Мұхамбетжан 05.09.2023
күні
колы

Фылыми зерттеулерді ұйымдастыру
Бөлімнің менгерушісі 
Н.С.Сайлаубекова 05.09.2023
күні
колы

ЕНГІЗІЛДІ (ӘЗІРЛЕНДІ):

Аппарат жетекшісі 
Р.М.Аханова 05.09.2023
күні
колы

Кітапхана менгерушісі: 
А.О.Сейіл 05.09.2023
күні
колы

1.Жалпы ережелер

1.1. Кітапхана өз жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Гылым туралы», «Мәдениет туралы», «Акпараттандыру туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Зандарын; «2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім мен гылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» және білім мен гылым саласындағы басқа да нормативтік күқықтық актілерді, Білім және гылым министрлігінің бүйрықтары мен нормативтік актілерін, Университет Жарғысын, Университет ректорының бүйрықтары мен өкімдерін, ішкі тәртіп ережелерін, басқа да жергілікті нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

1.2. Кітапхана Университет ректорына және бірінші проректорға бағынады.

1.3. Кітапханаға кітапхана менгерушісі басшылық жасайды, оны жетекшілік ететін проректордың ұсынысымен Университет ректоры бүйрықпен қызметке тағайындауды және қызметтен босатады. Кітапхана менгерушісінің негізгі функциялары, күқыктары мен жауапкершілігі қызметтік нұсқаулықта көрсетіледі.

1.4. Біліктілік талаптары:

- жоғары арнаулы білім;
- қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі - кемінде 5 жыл және басшылық лауазымдарда – кемінде 3 жыл;
- кітапхана жұмысын басқару мен үйымдастырудың тәжірибесі, компьютерде пайдалануши деңгейінде жұмыс істей білуі;
- тілдерді білуі (мемлекеттік және/немесе шетелдік базалық деңгей);

1.5. Кітапхананың штаттық санын Университет басшылығы Университетте бекітілген тәртіpte бекітеді.

1.6. Кітапхана корына қол жеткізу тәртібі, негізгі көрсетілетін қызметтер тізбесі мен оларды ұсыну шарттары Кітапхананы пайдалану ережелерімен анықталады.

1.7. Кітапхана өзінің атауы және Университет атауы бар мөртабан, символикасын, эмблемасы мен басқа да реквизиттерді иеленуге күқылы.

1.8. Кітапхана өзіне жүктелген міндеттерді Университеттің барлық бөлімшелерімен өзара іс-қимылдар жасау арқылы шешеді.

1.9. Кітапхана корына кеңінен қолжеткізу арқылы Университеттің білім алушыларына, оқытушылары мен басқа да оқырмандар санаттарына толық және жедел кітапханалық және акпараттық-библиографиялық қызмет көрсету.

1.10. Университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары мен гылыми бағыттарға және оқырмандардың акпараттық сұраныстарына сәйкес баспалық және электронды тасымалдағыштардағы басылымдар мен күжаттар, оның ішінде электронды ресурстармен (МБ) кор қалыптастыру, сатып алу және сактау.

1.11. Кітапхана қорына түсетін және шығатын құжаттарды есепке алуды жүргізу.

1.12. Кітапханада қолданылатын кітапханалық-біблиографиялық жіктемеге сәйкес құжаттарды жүйелу;

1.13. Университеттің электронды кітапханасын дамыту.

1.14. Анықтама-іздеу аппаратын: каталогтарды (электронды және дәстүрлі), картотекалар мен мәліметтер қорын үйымдастырып, жүргізу. Кітапхананың электронды ресурстарына кең және жедел қол жеткізуіді қамтамасыз ету.

1.15. Каталогтар жүйесі мен кітапханалық ақпараттандырудың басқа да түрлері арқылы кітапхана корларының құрамы туралы ақпараттар беру; ақпараттар көздерін іздеу мен тандауға консультациялық көмек көрсету.

1.16. Кітапхана оқырмандарының кітапханалық-акпараттық мәдениетін тәрбиелеу. Университет студенттері, оқытушылар мен қызметкерлерінде жергілікті және әлемдік ақпараттық ресурстарды тәжірибелі пайдаланушы дағдыларын қалыптастыру.

1.17. Кітапхана көрсететін қызметтердің тізбесін кеңейту, Кітапхананы техникалық жараптандыру негізінде олардың сапасын арттыру, кітапханалық-акпараттық процестердің заманауи технологиялары мен компьютерлендіруді енгізу.

1.18. Кітапхананың барлық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, Университеттің тәрбие және гуманитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізетін бөлімшелерімен және қоғамдық үйымдарымен өзара іс-қимылдар жасау. Білім алушыларда қажетті білімдер мен дағдыларды, азаматтық ұстанымды, кәсіби қызығушылықтарды қалыптастыруға ықпал ету.

1.19. Кітапхананың жұмыс тәжірибесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу.

1.20. Кітапханалық қызмет көрсетуді онтайландыру мақсатында шаруашылық қызмет жүргізу.

2. Функциялар

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін келесі функцияларды орындауды қамтамасыз етеді:

2.1. Кафедралардың келісімі арқылы Кітапхананың қорын жедел және преспективті толықтыру бойынша жоспарлар әзірлеу және кітап қорын қалыптастырудың басты мақсатын, бағыттары мен такырыптарын айқындау.

2.2. Университет кафедраларының сұраныстары бойынша кітап саудасы үйымдары мен баспалардың аннотацияланатын тақырыптық жоспарлары, каталогтар, прais-парактар, біблиографиялық көрсеткіштер мен тізімдер, және басқа толықтыру көздері негізінде оку әдебиеттеріне және басқа құжаттарға алдын ала тапсырыс рәсімдеу.

2.3. Бейінді кафедралардың келісімі арқылы студенттерді окулықтармен, оку құралдарымен және басқа құжаттармен, оның ішінде электронды түрдегілермен қамтамасыз ету нормаларына және талаптарына

сәйкес Кітапхана қорын ағымды толықтыру және толыктай толықтыру жүргізу.

2.4. Кафедралар мен басқа да құрылымдық бөлімшелердің сұраныстары бойынша мерзімді басылымдарға жазылу жүргізу.

2.5. Қорға түсетін және шығарылатын күжаттарды есепке алу, атап айтқанда, Кітапхананың кітап қорын барлығын қосып және дербес есепке алу, кордан есептен шығарылған күжаттарға есеп жүргізу.

2.6. Күжаттарды кітапханалық-библиографиялық жіктеуіш бойынша жүйелеу.

2.7. Пәндердің оку жоспарлары мен бағдарламаларының оку және оку-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуін талдау.

2.8. Оку процесінің кітаппен қамтамасыз етілу картасын жасап, жүргізу. Оку залдарында, абонементтерде топтық және дербес қызмет көрсету әдістерін колдана отырып, оқырмандарға бірынгай оқырман билеті бойынша қызмет көрсетуді үйымдастырады.

2.9. Оқырмандарды негізгі кітапханалық қызмет көрсетулермен қамтамасыз етеді:

- электронды және дәстүрлі каталогтар мен картотекалар жүйесі, сондай-ақ кітапханалық ақпараттандырудың басқа түрлері арқылы кітапхана қорының құрамы туралы толық ақпарат береді;

- пайдаланушылардың (оқырмандардың) Кітапхананың электронды каталог ресурстарына, жергілікті және қашықтықтағы ақпараттық ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

- оқулықтар, оку құралдары мен баска күжаттарды, оның ішінде электронды түрдегілерді іздең, таңдауға консультациялық көмек көрсетеді;

- кітапхана қорынан әдебиеттерді уақытша пайдалануга береді;

- Университеттің ғылыми және оку жұмыстары бойынша әдебиеттердің библиографиялық тізімін жасайды;

- Кітапхананың анықтама-іздеу аппаратында, жергілікті және қашықтықтағы библиографиялық және толық мәтіндік мәліметтер қорларында ақпараттарды іздеу дағдыларын үретуді үйымдастырады.

2.10. Университет бейініне сәйкес кітап қорын толықтыруды, білім беру бағдарламаларымен, жұмыстық оку жоспарларымен және ғылыми зерттеулердің тақырыптарымен қамтамасыз ету.

2.11. Оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес оқырмандар сұранысын қанагаттандыру деңгейін зерттейді.

2.12. Білім алушылардың оқулықтармен және оку құралдарымен қамтамасыз етілуін талдайды.

2.13. Кітапхана жұмысы туралы Университеттің ресми сайтының беттерінде жариялады.

2.14. Кітапхана қорындағы сирек басылымдардың сакталуын, оларды автоматтандырылған мәліметтер қорына тіркеп, енгізуі қамтамасыз етеді.

2.15. Университет оқытушылары шығарған әдістемелік және оку күралдарын, зертханалық жұмыстарды, монографияларды электронды базаға орналастырады.

2.16. Ақпараттық-библиографиялық мәдениет негіздері бойынша сабактар өткізеді, оқырмандарды дәстүрлі және автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйелердегі және жаһандық ақпараттық желілердегі ақпараттарды іздестірудің заманауи әдістеріне үйретеді.

2.17. Озық кітапханалық технологияларды енгізеді.

2.18. Университеттің кафедраларымен және бөлімшелерімен жұмыстарды үйлестіреді.

2.19. Қолданыстағы заңнамалыктарға және Университет пен ұйымдар арасында жасалған келісімшарттарға сәйкес кітапханалармен, ғылыми-техникалық ақпарат органдарымен, басқа ұйымдармен, о.и. ақпараттық мәліметтер коры бар халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылдар жасайды.

2.20. КР заңнамалығына және Университет Жарғысына сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

2.21. Кітапхана қызметкерлерінің біліктіліктерін жоғарылату.

3. Кітапхананың құқықтары

Міндеттерді жүзеге асыру және өзінің функцияларын жүргізу мақсатында Кітапхана өз қызметкерлері атынан өз құзыреті шегінде құқылы:

3.1. Ережеде көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес өз қызметінің мазмұны мен нақты түрлерін өз бетінше айқындауға.

3.2. Кафедра менгерушілерінің келісімі арқылы кітап корын толықтыру және кітаптарды цифрландыру үшін Университет оқытушыларын тартуға.

3.3. Занды және жеке тұлғалармен келісімшарттар негізінде ақпараттық ресурстарға, онын ішінде кітапхана корына қол жеткізу шарттарын айқындауға.

3.4. Айрықша құнды, сирек және аз даналы құжаттарды пайдалануға шектеу енгізуге.

3.5. Кітапхана оқырмандары келтірген залалды өтеу түрі мен мөлшерін Кітапхананы пайдалану ережелеріне сәйкес анықтауға.

3.6. Кітапхананың алдына қойған міндеттерін шешу үшін Университеттің кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінде бар білім беру бағдарламаларымен, жұмыстық оку жоспарларымен, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысуга.

3.7. Университеттің түрлі мекемелерде, ұйымдарда, оның ішінде халықаралықтарда көрсетуге; кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет мәселелері бойынша ғылыми конференциялар, мәжілістер, симпозиумдар, семинарлардың жұмыстарына тікелей катысуға.

3.8. Бекітілген тәртіpte басқа кітапханалармен, ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен хат алысулар жүргізуге.

3.9. Кітапхана қызметкерлері өздерінің біліктіліктерін біліктілік жоғарылату және кадрларды қайта даярлау оку орындарында, жоғары оку

орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, сондай-ақ отандық және шетелдік басқа жетекші ғылыми және өндірістік үйымдарда жоғарылата алады.

Кітапхана міндетті:

3.10. Осы Ережеге, Кітапхананы пайдалану ережелеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланушыларға (окырмандарға) қызмет көрсетуге.

3.11. Кітап қоры мен материалдық мұліктердің сакталуын қамтамасыз етуге.

3.12. Осы Ережеде аталған және өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды толық көлемде орындауга.

3.13. Өзінің жұмысы туралы бекітілген тәртіпте Университет пен мемлекеттік статистика органдарына есеп беруге.

4. Өзара іс-қимыл жасау

Өзінің жұмыс істеу процесінде Кітапхана өзара іс-қимыл жасайды:

4.1. Сыртқы үйымдармен:

- Ғылым және жоғары білім министрлігі – Кітапхананың жұмысы туралы статистикалық мәліметтер беру мәселелері бойынша.

- ҚР Ұлттық кітапханасы – Кітапханага әдістемелік және консультациялық көмек көрсету мәселелері бойынша.

- Кітап саудасы және баспа үйымдарымен – әдебиеттер сатып алу мәселелері бойынша.

- Кітапханалар үшін бағдарламалық жасақталым әзірлеу, таратушы үйымдармен – тиісті өнімді сатып алу және пайдалану мәселелері бойынша.

4.2. Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен:

- Кадрлар бөлімі – жұмысқа кабылдау және жұмыстан шығару, уакытша енбекке жарамсыздық парактарын рәсімдеу, демалыстар беру мәселелері бойынша;

- Академиялық мәселелер жөніндегі басқармасы – Кітапханага оку пәндерінің жұмыстық бағдарламаларын электронды тасымалдағыштармен беру, оку әдебиеттеріне тапсырыстарды келісу және білім беру бағдарламаларының кітаппен қамтамасыз етілуін анықтау үшін оку жоспарларын беру; студенттермен кітапханалық-библиографиялық сабактар өткізуге сағаттар бөлу мәселелері бойынша;

- Кафедралар – кітапхана қорын толықтыру және ескірген әдебиеттерді есептен шығару мәселелері бойынша;

- Ақпараттық технологиялар бөлімі – Университет авторларының басылымдарын баспалық және электронды түрде кітапханага беру; Кітапхананың техникалық күралдарын жөндеу және ұстau мәселелері бойынша;

- Есеп бөлімі – қаржылық мәселелері бойынша;

- Университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерімен – Кітапхананың өз функцияларын орындаудың кажетті ақпараттармен алмасу мәселелері бойынша; кітап қорын басылымдармен (күжаттармен) толықтыру кезінде.

5. Жауапкершілік

5.1. Кітапхана қызметкерлері жауапкершілік алалы:

- Барлық қызмет бағыттары бойынша бөлімге жүктелген міндеттер мен функцияларды, жұмыс жоспарларын орындамағаны немесе уақытында, тиісті түрде орындамағаны үшін.

• Осы Ережеде және қызметтік нұсқаулықта, енбек шартында көзделген езінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе уақытында, тиісті түрде орындамағаны үшін.

• Өз қызметін жүргізу кезеңінде жасаған құқықбұзушылықтары үшін қолданыстағы КР азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңнамалықтарға сәйкес.

• Материалдық залал келтіргені үшін қолданыстағы КР енбек және азаматтық заңнамалықтарымен белгіленген тәртіpte.

• Бөлімше жұмысын регламенттейтін заңнама талаптарын, нормативтік құқықтық, жергілікті, үйымдастыру-өкімдік актілерді қадағаламау.

5.2. Кітапхана қызметкерлерінің жауапкершілігі олардың қызметтік нұсқаулықтарымен белгіленеді.

6. Ережені тіркеу және сактау

Осы Ереже тіркеледі және сакталады:

- тұпнұска - әкімшілік және кадрлық жұмыстар басқармасында;
- екінші данасы – кітапханада.

7. Қорытынды ережелер

7.1 Ережеге өзгертулер енгізу туралы шешімді кітапхана менгерушісі қабылдайды. Ол өзгерту мәтінін дайындау үшін жұмыстық топ қалыптастырады (кажет болса). Осы Ереже Университет құрылымы, Кітапхананың бағыныстылығы өзгерген кезде қайта қаралуы мүмкін.

7.2. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бекітілген тәртіpte енгізіле алады.

7.3. Ережені алғып тастау немесе қайта өндөу туралы шешім келесі жағдайда қабылданады:

- регламенттегін процесс барысы өзгеруіне, функциялардың қайта бөлінуіне және Ережедегі баска да өзгерістерге байланысты;
- осының орнына жаңа құжат әзіргенген кезде;
- қолемі 50% асатын өзгертулер енгізілген кезде.

7.4. Ереже кажетіне қарай кемінде 5 жылда бір рет қайта бекітілуге жатады.